



Дауысты дыбыстар: жуан, жіңішке; ашық, қысаң; еріндік, езулік дауыстылар, емлесі

Тіл дыбыстары **дауысты** дыбыстар және **дауыссыз** дыбыстар деп **екіге** бөлінеді.

Дауысты дыбыстар саны – **12**. Олар: **а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү, и, э, (у)**. Дауысты дыбыстар **өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамауы** арқылы **үннен** жасалады.

Дауысты дыбыстар **тілдің** қатысына қарай **екіге** бөлінеді: 1) **жуан** дауысты дыбыстар: **а, о, ы, у**. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда **тіл артқа тартылып, тіл үсті дөңестенеді**. 2) **жіңішке** дауысты дыбыстар: **ә, ө, і, е, и, э, у**. Жіңішке дауысты дыбыстар **тіл ұшының ілгері созылуы** арқылы жасалады.

Қазақ тілінде сөздер не тек **жуан** дауысты дыбыстардан, не **жіңішке** дауысты дыбыстардан құралады. Мысалы, тек **жуан дауысты** дыбыстардан құралған сөздер: **арыстан, аққу, рақат, қараторғай, дауылпаз, тасбақа**, т.б. Тек **жіңішке** дауысты дыбыстардан құралған сөздер: **өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш**, т.б.

Басқа тілден енген сөздерде, қос сөздер мен біріккен сөздерде жуан дауысты мен жіңішке дауысты дыбыстар араласып келе береді. Ондай сөздер **аралас дыбысты сөздер** деп аталады. Мысалы, **емтихан, синтаксис, жөн-жосық, оқта-текте, азық-түлік, Темірқазық, Екібастұз, көзқарас**, т.б.

Дауысты дыбыстар **жақтың** қатысына қарай **ашық** және **қысаң** болып **екіге** бөлінеді: 1) ашық дауыстылар **жақтың кең ашылуы** арқылы жасалады. Олар: **а, ә, о, ө, е, э**. 2) **қысаң** дауыстылар: **ы, і, и, ұ, ү, у**. Қысаң дауыстыларды айтқанда, **жақ кең ашылмай, ауа қысылып шығады**. Тек **ашық** дауыстылар арқылы жасалған сөздер: **орман, өлең, әке, әдеп, бақыт**, т.б. Тек **қысаң** дауыстылар арқылы жасалған сөздер: **қызықты, ыдыс, ірімшік, ілгіш, киік, қырқу**, т.б.

Дауысты дыбыстар **ерін мен езудің қатысына** қарай **еріндік** және **езулік** болып **екіге** бөлінеді: 1) **еріндік** дауыстылар: **о, ө, ұ, ү, у**. Еріндік дауыстылар **еріннің алға қарай созылып, дөңгеленуі** арқылы жасалады. 2) **езулік** дауыстылар **езудің кейін тартылуы** арқылы жасалады. Олар: **а, ә, е, и, э, ы, і**. Тек **еріндік** дауысты дыбыстар қатысқан сөздер: **қосу, өру, ұлу, күлу**, т.б. Тек **езулік** дауысты дыбыстар қатысқан сөздер: **ақыл, әдемі, отырықшы, егінші, еңбекшіл**, т.б.

Қазақ тілінде сөздің алғашқы буынындағы **еріндік дауыстылар** кейінгі буындардағы **езулік дауыстыларды** айту кезінде өзіне ұқсатып, **еріндік дауыстыға** айналдырып алады. Бұл **ерін үндестігі** немесе **айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөздер** деп айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
Құрық Жүгері Жұмыс Көңіл Көркем Өнер Орын	Құрұқ Жүгөрү Жұмұс Көңүл Көркөм Өнөр Орұн

Қазақ тілінде дауысты дыбыстар **буын талғамайтын** және **буын талғайтын** болып **екіге** бөлінеді.

Буын талғамайтын дауысты дыбыстар: **а, е, ы, і**. Буын талғамайтын дауысты дыбыстар **сөздің барлық буынында** жазыла береді. Мысалы, **балалық, қызықты, ынтымақ, береке, инелік, еңбекшіл, ертегіші**, т.б. Буын талғайтын дауысты дыбыстар: **ә, о, ө, ұ, ү** негізінен **сөздің бірінші буынында** жазылады, тек **басқа тілден енген сөздерде, қос сөздер мен**

біріккен сөздерде, адам аттарында ғана сөздің **екінші, үшінші** буындарында кездеседі.

БАСҚА ТІЛДЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР	ҚОС СӨЗДЕР	БІРІККЕН СӨЗДЕР
Куә Дүдәмал Күмән Антоним Лото Мазмұн Мағлұмат Мәжбүр Дәстүр	Әп-әдемі Дәрі-дәрмек Той-томалақ Құл-құтан Ат-көпір Дүние-мүлік Салт-дәстүр Күндіз-түні Күмбір-күмбір	Аягөз Қараөткел Орынбор Көнетоз Аққұтан Айнагүл Меңдіқұл Жанбота Келіссөз

Кейбір сөздерде сөздің соңында **ә** дыбысы айтылғанымен, **а** дыбысы жазылады.

АЙТЫЛУЫ	ЖАЗЫЛУЫ
Рэзинә Жәмилә Рәсуә Жәйләу Шәй Кітәп	Резина Жамила Рәсуа Жайлау Шай Кітап

Ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге тұйық етістіктің **у** жұрнағы жалғанғанда, **ы, і** әріптері түсіп қалады. Мысалы, **оқы+у=оқу, тоқы+у=тоқу, қобалжы+у=қобалжу, беки+у=беку, жеки+у=жеку, ірі+у=іру, т.б.**

Соңғы буынында **ы, і** әріптері бар сөздерге **тәуелдік жалғауының III жағының** жалғауы жалғанғанда, түбірдегі **ы, і** әріптері түсіп қалады. Мысалы, **халық+ы=халқы, бөрік +і=бөрікі, көрік+і=көрікі, т.б.**

Й, ы, і әріптеріне біткен сөздерге тұйық етістіктің **у** жұрнағы жалғанғанда, **ю** әрпі жазылады. Мысалы, **той+у=тою, жай+у=жаю, байы+у=баю, кейі+у=кею, т.б.**

Я, ю әріптері **й+а, й+о** дыбыстарының қосындысы болып келеді де, **қосарлы дыбыстар** деп аталады. **Я, ю** қатысқан **сөздер** айтылуы мен жазылуында және **дыбыс** саны мен **әріп** санында **өзгеріс бар сөздер** болып саналады. Мысалы, **қоян - қойан, аю - айу, қою - қойу, т.б.** Тек **айуан, хайуан, кейуана, диуана, миуа, қиуаз** сөздерінде **ю** әрпі жазылмайды. **И** қазақтың төл сөздерінде қосарлы **ый** және **ій** дыбыстарының қосындысы болып айтылады, бірақ жазылғанда жалаң **и** түрінде жазылады.

АЙТЫЛУЫ	ЖАЗЫЛУЫ
Жыйын Қыйын Тыйын Ыйық Кійім Кійіт Ійне	Жиын Қиын Тиын Иық Киім Киіт Ине

Мұндай сөздер **әріп** саны мен **дыбыс** санында, **айтылуы** мен **жазылуында айырмашылық бар сөздер** деп аталады.

Қосарлы **ый** әріптері тек **сый, тый** түбірінен тараған сөздерде жазылады. Мысалы, **сый, сыйлық, сыйлау, сыйластық, сыйымды, сыйлы; тый, тыйым, тыйылу, тыю, тыяды, тыйдыр, тыйғызу, тыйыл, т.б.**

Йы, ій әріптеріне аяқталған сөздерге көсемшенің **й** жұрнағы жалғанғанда, соңғы **ый, ій** әріптерінің орнына **и** жазылады. Мысалы, **байы+й+ды=байиды, кейі+й+ді=кейиді, ұйы+й**

+ды=үйиды, т.б.